

Мұнайлы ауданының мәслихаты

Маңғыстау облысы Мұнайлы  
аудандық мәслихатының 2019  
жылғы 7 маусымдағы № 42/409  
шешімі. Маңғыстау облысы  
Әділет департаментінде 2019  
жылғы 17 маусымда № 3929  
болып тіркелді

Маслихат Мунайлинского района

## Мұнайлы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 мамырдағы № 23/281 «Қызылтөбе ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 39-3-бабының 3-1-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы №295 «Жергілікті қоғамдастық жиналысының үлгі регламентін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №15630 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, сонымен қатар Маңғыстау облысының әділет департаментінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы №10-11-165 ақпараттық хатының негізінде, Мұнайлы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:**

1. «Қызылтөбе ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы» Мұнайлы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 мамырдағы №23/281 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3660 болып тіркелген, 2018 жылғы 25 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару



туралы» Заңының 39-3-бабының 3-1-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы №295 «Жергілікті қоғамдастық жиналысының үлгі регламентін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №15630 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Мұнайлы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:».

2. «Мұнайлы аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы А. Жанбуршина) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Мұнайлы аудандық мәслихатының әлеуметтік мәселелер жөніндегі, заңдылық, құқық тәртібі, депутаттар өкілеттілігі және әдеп жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрайымы Г. Конысбаева).

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрайымы**                      **Мұнайлы аудандық мәслихатының хатшысы**

**Г. Конысбаева**                              **Б. Назар**